

ӘОЖ 93/94.930; МҒТАР 03.20+13.09  
<https://doi.org/10.47526/habarshy.vi1.472>

**Г.Е.САБДЕНОВА\***

*тарих ғылымдарының кандидаты, доцент  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
(Қазақстан, Алматы қ.) e-mail: gulmiras2801@gmail.com  
<https://orcid.org/0000-0002-5090-7992>*

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Тарихнамалық талдау, яғни қазақ халқының музыкалық мұрасын зерделеу және де оның жай-күйін бағалау тарихи танымның негізгі бөлшектерінің бірі болып қана қоймайды, сонымен қатар отандық мәдениеттану, өнертану бойынша да маңызды дүниелер қатарына жатады. Әрбір музыкалық шығарма қалыптасу тарихынан, өзіндік тілден, поэтикадан және басқа да ерекшеліктерден тұрады. Олардың әрқайсысы қазақ халқының рухани, әлеуметтік және заттай өмірін сипаттайтын маңызды тарихи дереккөзі болып табылады.

Музыкалық мәдениеттің қалыптасуындағы өзіндік қайнар-бастаулар қазақ халқы өміріндегі алуан түрлі оқиғаларды, құбылыстар мен тарихи үдерістерді қамтиды. Бұл феноменнің қайнарлары ежелгі замандардан тамыр тартады. Қазақ халқының ұйысуы кезінде ол біртұтас әрі бір сарынды бола бастады, дегенмен өңірлер мен тарихи-мәдени ландшафт ерекшеліктеріне қарай жарқын әр алуан үлгілерді қалыптастырды. Мұндай өзіндік дәстүр қазіргі күнге шейін сақталып отыр.

Патшалық Ресей тұсында музыкалық мәдениетті зерттеу қалыптасты. Кеңестік кезеңде, негізінен, маркстік-лениндік таптық күрестің ықпалымен езілген халық шығармашылығына кеңінен ден қойылды. Тәуелсіздік жылдарында қазақ музыкалық шығармашылығының бірегей үлгілері әлемдік мәдениет құрамына енді, осынысымен-ақ ол жаһандану дәуірінде басқа құндылықтармен қатар өмір сүру мүмкіндіктерін дәлелдеп те отыр. Бұл бағыттағы зерттеу жұмыстары жыл сайын артып келеді, олардың барлығы тарихнамалық шолу керектігін және ғылыми ізденістердің жүйеленуі қажет екендігін көрсетеді.

**Кілт сөздер:** қазақ музыкасы, аспап, музыкатанушылар, өнер, фольклор, музыкалық мұра, музыкалық археология.

**G.E. Sabdenova**

*Candidate of Historical Sciences, Associate Professor  
al-Farabi Kazakh National University  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: gulmiras2801@gmail.com*

## Musical Heritage of the Kazakh People: a Historiographic Analysis

Historiographical analysis, that is, the study and evaluation of the musical heritage of the Kazakh people, is not only one of the basic elements of historical knowledge, but also an important section in Russian cultural studies, art history. Literally every piece of music has its own history of

### **\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Сабденова Г. Қазақ халқының музыкалық мұрасы: тарихнамалық талдау // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2021. – №1 (119). – Б. 18–29. <https://doi.org/10.47526/habarshy.vi1.472>

### **\*Cite us correctly:**

Sabdenova G. Qazaq halqynyń múzykalyq murasy: tarihnamalyq taldaý [Musical Heritage of the Kazakh People: a Historiographic Analysis] // *Iasayı ýniversitetiniń habarshysy*. – 2021. – №1 (119). – B. 18–29. <https://doi.org/10.47526/habarshy.vi1.472>

formation, its own language, poetics and other features. Each of them is an important historical source that describes the spiritual, social and material life of the Kazakh people.

Musical culture has its own origins of formation, which reflect different events, phenomena and historical processes in the life of the Kazakh people. The origins of this phenomenon go back to ancient times. During the period of consolidation of the Kazakh people, the musical culture became unified and monotonous, but with bright, versatile patterns, depending on the regions and historical and cultural landscapes. Such a peculiar tradition has survived to the present time.

In the era of tsarist Russia, the study of musical culture began. During the Soviet period, the works of the oppressed people were mainly studied, which was dictated by the Marxist-Leninist ideas of the class struggle. During the period of independence, unique samples of Kazakh musical creativity became part of the world culture, thus proving the possibility of coexistence of folk heritage in the era of globalization along with other values. Research works in this area are becoming more numerous every year, they require a historiographical review and show the need to systematize scientific research.

**Keywords:** Kazakh music, instrument, musicologists, art, folklore, musical heritage, musical archeology.

**Г.Е. Сабденова**

*кандидат исторических наук, доцент*

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби  
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: gulmiras2801@gmail.com*

### **Музыкальное наследие казахского народа: историографический анализ**

Историографический анализ, то есть изучение и оценка музыкального наследия казахского народа, является не только одним из базовых элементов исторического познания, но и важным разделом в отечественной культурологии, искусствоведении. Буквально у каждого музыкального произведения своя история формирования, свой язык, поэтика и другие особенности. Каждое из них является важным историческим источником, который описывает духовную, социальную и материальную жизнь казахского народа.

Музыкальная культура имеет свои истоки формирования, которые отражают разные события, явления и исторические процессы в жизни казахского народа. Истоки этого феномена своими корнями уходят в глубокую древность. В период консолидации казахского народа музыкальная культура стала единой и монотонной, но с яркими разносторонними образцами, в зависимости от регионов и историко-культурных ландшафтов. Такая своеобразная традиция сохранилась до настоящего времени.

В эпоху царской России началось изучение музыкальной культуры. В советский период в основном изучались произведения угнетенного народа, что было продиктовано марксистско-ленинской идеей классовой борьбы. В период независимости уникальные образцы казахского музыкального творчества вошли в состав мировой культуры, доказывая тем самым возможности сосуществования народного наследия в эпоху глобализации вместе с другими ценностями. Исследовательских работ в этом направлении с каждым годом становится все больше, они требуют историографического обзора и показывают необходимость систематизации научных изысканий.

**Ключевые слова:** казахская музыка, инструмент, музыковеды, искусство, фольклор, музыкальное наследие, музыкальная археология.

### **Кіріспе**

Әлемдік мәдениеттің дағдарысқа ұшырап, бұрынғы кейбір идеалдардың мифтік ренкке боянуы, көптеген құндылықтардың қайта қарастырылуы, әлеуметтік-мәдени бағыттардың

өзгеруі сынды көкейкесті сауалдар орын алып отырған бүгінгі қоғам өзіне қажетті рухани нәр алатын қорды ұлттық мәдени мұрадан іздестіруде. Ұлттық мәдени мұра құрамындағы негізгі бөліктердің бірі осы уақытқа дейінгі алдыңғы буын өкілдері қалдырған музыкалық мәдениет болып табылады. Ол ұзын сонар уақыт бойы халықпен бірге жасасып келген асыл қазына болып саналады. Сол себепті көтеріліп отырған тақырыпты қазақстандық қоғамның алдына қойып отырған сан салалы «рухани жаңғыру» секілді мемлекеттік ұстанымына тікелей қатысы бар деуге болады.

Қазақ халқының музыкалық мұрасын зерттеу өзекті тақырыптардың біріне жатады, өйткені бүгінгі күні осы мәселені отандық тарихнамада зерттеу қажеттілігі байқалып жатыр. Мұндай бағыттағы ізденістер қазақ халқы музыкалық мұрасының дамуын, олардың түрлерін, басқа салалармен байланысын, өзара қарым-қатынасын, қай саланың өміршең немесе қолданыстан қалып бара жатқандығын, қайсы жанрдың қоғамды ұйыстырудағы маңызын анықтау секілді көптеген түйіні түйіткілді мәселелерді сараптамадан өткізуге мүмкіндік береді. Олардың барлығын жүйелеу, бір ізге түсіру, өткенін саралау, келелі келешегін болжау, маңызды заңдылықтарын таразылау рухани жаңғыртуға қатысты бірқатар іргелі мәселелерді шешуге мұрындық болары анық.

### Әдіснама

Мақалада тарих ғылымы саласында пайдаланылып жүрген барлық әдіснама қолданылып, ең алдымен тарихилық принцип басшылыққа алынды. Мәселе тарихнамалық бағытта көтерілгендіктен хронологиялық-проблемалық тұрғыдан ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қазақ дүниетанымын нақты көрсететін тарих, археология, этнология, философия, элеуметтану, әдебиеттану, өнертану, мәдениеттану ғылымдарында жиі пайдаланылатын негізгі ғылыми және жалпығылыми бағыттарға, ұстанымдарға ерекше көңіл бөлінді. Әсіресе этнологиялық-мәдениеттанулық ұстаным мен музыкалық-мәдени дәстүр теорияларына назар аударылды да, тарихи үдерістердегі трансформация тәртібіне, т.б. ден қойылды. Тақырыпқа қатысты үдерістер мен құбылыстарды, оқиғаларды мейлінше кеңінен қарастыруға талпынған автор кешенді және жүйелілік ұстанымдарына, салыстырмалы-типологиялық, салыстырмалы-тарихи талдау, синтездеу сынды басты әдіс-тәсілдер мен принциптерге кеңінен жүгінді. Тарихи-типологиялық ұстаным дәстүрлі музыкалық мәдениеттің қыр-сырына тереңірек үңілуге мол мүмкіндік беретіндіктен осы ұстаным да жиі басшылыққа алынғандығын айта кеткен абзал. Арнайы музыкалық терминологияны зерттеумен тығыз байланысты лингвистикалық әдіс, одан өзге қазақ қоғамындағы музыкалық мәдениетті нақты айқындайтын этномузыкатану әдісі, дәстүрлі музыкатану әдістері де ішінара қолданылды деуге болады.

### Талдау

Отандық және шетелдік тарихнамада қазақ халқының музыкалық мәдениетін зерттеуге арналған бірқатар еңбектер жарық көрген. Мұны археология, тарих, этнология, филология, өнертану, философия, мәдениеттану секілді ғылым салаларындағы алуан түрлі еңбектерден кездестіруге болады. Десе де бұл бағытта музыкатанушы-мамандардың еңбегі зор болып табылады. Олардың арасынан музыкант-этнограф А.В. Затаевич (1869–1936), Е.Г. Брусиловский (1905–1981), А.Қ. Жұбанов (1906–1968), Б. Ерзакович (1908–1997), П.В. Аравин (1908–1979), М. Төлебаев (1913–1960), З. Қоспақов (1932 ж.т.), Б.И. Қаракұлов (1942–2014), Жарқын Шәкәрім (1947–2019), т.б. көптеген мамандарды атап кетсе болады [1]. Есімдері аталған бұл мамандардың барлығы қазақ музыкасында қолтанбалары қалған көптеген қайраткерлердің өмірі мен шығармашылығын ғылыми тұрғыда зерттеді, шығармаларын нотаға түсірді, белгілі бір тақырыптарға кешенді зерттеулер жүргізіп, ұлттық өнертану сынды асыл мұраның қыр-сырын қаузады.

Сондай-ақ кеңестік дәуірде «Казахский народный композитор Курмангазы. Жизнь и творчество. 1818–1893» (Қызыл-Орда, 1936), «К вопросу о возникновении казахского музыкального жанра кюй. Историко-лингвистический очерк» (Қызыл-Орда, 1936); «XIX ғасыр XX бас кезіндегі қазақ халық композиторларының өмірі мен шығармашылығы» (Алматы, 1950), «Струны столетий» (Алматы, 1958), «Очерки по истории казахской музыки» (1962), «Замана бұлбұлдары» (Алматы, 1963), «Народная музыка в Казахстане» (1967), «Композиторы Казахстана» (1978–1981) секілді бірқатар жинақтар құрастырылды [1]. Осы және «Музыкальная культура Казахстана» [1], «Қазақтың музыкалық фольклоры» [2], «Қазақтың 200 әні» [3] секілді музыкалық-этнографиялық жинақтарда лирикалық, ғұрыптық және тұрмыстық әндер жинақталып, түсіндірмелер берілді. Жоғарыда аты аталған зерттеушілердің біразы осы жинақтарда кесек-кесек мақалаларын жариялап, халықтық музыканың жай-жапсарына үңілді. Дәстүрлі музыка генезисіне, тұрмыстық, мәдени және халықтық музыканың қырларына, өнертану мәселелеріне, жекелеген ұлттық композиторлар (Құрманғазы, К. Әзірбаев, Жаяу Мұса, т.б.) шығармаларына нақты ғылыми талдаулар жасалды.

Өнертану ғылымдары бойынша сан салалы отандық музыкаға қатысты жүздеген іргелі зерттеулер жүргізілді. Мәселен, Г.А. Чумбалова «Очерки по истории записи и изучения казахской музыки досоветского периода» (1955), К.З. Темірбекова «Песенное творчество казахов Семиречья: музыкально-теоретическое исследование» (1966), А. Мұхамбетова «Народная инструментальная культура казахов» (1975), Г.К. Котлова «Казахская домбровая музыка как прообраз профессионального музыкального творчества» (1975), Н.Ф. Тифтикиди «Система ритма и темпа домбровой музыки Западного Казахстана» (1977), К.Т. Жужбасов «Песенный фольклор казахов Горного Алтая» (1980), У.М. Джумакова «Музыкальные принципы кюя и их развитие в казахской симфонической музыке 1960–1970-х годов» (1984), Т.М. Сницарева «Истоки и этапы становления музыкальной жизни современного села Казахстана (на материале южных областей республики)» (1985) деген ғылыми-зерттеу жұмыстарын (диссертацияларын) ұсынды. Бұлардан өзге қазақ халқының музыкасына қатысты өнертану, педагогика салалары бойынша алуан түрлі еңбектер жазылды [2]. Жекелеген халықтық әнші-композиторлардың шығармаларына қатысты монографиялық ізденістер де жарияланды. Әдебиетші мамандар да музыкаға қатысты мәтіндік материалдарды жинақтап, ғылыми сараптамадан өткізді. Халықтың бағзы замандардағы болмысын, салты мен жосын-жоралғыларын паш ететін құндылықтары ретінде М.М. Мағауин [4], Б. Уахатов [5] секілді көптеген зерттеушілердің ізденістерін атап кетсе болады. Бұл авторлар қазақ ақын-жырауларының шығармасына, жырлар типологиясына тоқталып, олардың мазмұнына, тарихилығына қатысты салихалы ойларын ортаға салды.

Тәуелсіздік жылдарында қазақ музыкасын зерделеу ісі зор қарқынмен дамыды. Бұл кезге қазақ музыкасына қатысты тың тақырыптармен қатар өнердің белгілі бір салалары жайлы, яғни олардың қалыптасуы мен даму тарихына қатысты негізі өнертану болса да «тарихнамалық» бағыттағы еңбектердің жариялануы тән болды десек артық айтпаған болар едік. Әсіресе С.А. Елеманова [6], Г. Акпарова [7], Д. Жумабекова [8] секілді ғалымдарды ерекше атап кеткен абзал. Сонымен қатар «Музыкадағы этномәдени дәстүрлер» [9], «История казахской музыки» [10] «Очерки о композиторах Казахстана» [11] секілді бірқатар ғылыми және тарихи-танымдық жинақтардың да маңызы зор.

Сайып келгенде, жоғарыда жасалған тақырыптың зерттелу деңгейіне жасалған қысқаша тарихнамалық шолу қазақ халқына тиесілі музыка секілді асыл қазынаны ғылыми тұрғыдан зерделеудің өзіндік ұзын сонар тарихы бар екендігін көрсетіп берді. Дегенмен қазақ халқы музыкалық мұрасының генезисін, эволюциясын, оның сан салалы тармақтарын, әрбір жанрдың қалыптасу жолдарын, өткен белестерін, тарихи-танымдық көкжиектерін толымды түрде әрі жан-жақты таразылаған философиялық-мәдениеттанулық, тарихнамалық еңбектердің қажеттілігі де байқалады.

### Зерттеу нәтижелері

Қазақ халқының музыкалық мұрасын зерттеу патшалық Ресей тұсында басталды деуге толық негіз бар. Әсіресе фольклор жинаушылар В. Радлов, Ш.Ш. Уәлиханов, т.б. еңбектері көпшілікке кеңінен танымал. Алғашқылардың бірі болып Н. Маев 1844 жылы қызықты мақаласын жариялады. Ол Жәңгір ханның ордасында болған кезде ұйымдастырылған сауық-сайранды сипаттап, әншілік өнерді жоғары бағалап өткен. Одан кейін П. Тихов түркістандық қазақтардың музыкасы туралы бірнеше мақалаларын жарыққа шығарды, ал С. Ивановский ақын әрі әнші Ноғайбай жайлы сыр шерткен болса, М.В. Готовицкий қазақ әндерінің сипатына тоқталды, А. Алекторов қазақ әнінің табиғатын таразылаған еді. 1897 жылы «Оренбургский листок» басылымында (№19) қазақтардың музыкасы жөнінде кең көлемде ақпарат берілді. Г.Й. Гиалер секілді зерттеушілер Кауфман жинағында қазақ музыка өнері туралы айтып кеткен болатын. Патшалық Ресей тұсындағы қазақ музыкалық мұрасына қатысты жазбалар ел ішіндегі әншілердің кәсіби деңгейін нақты көрсеткен еді [12; 13]. Аталып отырған ғылыми-танымдық тұрғыда баяндалған ізденістер қазақ музыка өнеріндегі сан алуан майталмандар еңбектерін нақты бағалауымен ерекшелінеді және де халықтық шығармашылықты зерделеу саласындағы ғылыми-теориялық және практикалық құндылықтарымен отандық тарихнамада зор мәнге ие бола алады.

Осы кездері және бұдан кейін халықтық музыкалық мұраны зерделеу ісімен кәсіби түрде айналысумен шұғылданған мамандар шоғыры қалыптаса бастады. Олардың арасынан этнограф, музыкатанушы А.В. Затаевичті атап кетсе болады. Бұл зерттеуші алғашқылардың бірі болып қазақтың музыкалық үлгілерін жинастырып, халықтық композиторлардың еңбектерін жүйелеп шықты. Мамандардың айтуына қарағанда А.В. Затаевич 2300-ден астам музыкалық фольклорлық шығармаларды жазып алған. Оның «1000 песен казакского народа» (1925), «500 казакских кюй'ев и песен Адаевских, Букеевских, Семипалатинских и Уральских: (Продолж. «1000 песен казакского народа»)» (1931) секілді бірнеше жинақтарында қазақ музыкалық фольклорының жауһарлары жүйеленген еді [14].

Кеңестік дәуірде музыкатанушы ұлттық мамандар қалыптасты. Бұл көштің басында қазақтың белгілі композитор Ахмет Қуанұлы Жұбанов тұр. Ол қазақтың музыкалық мәдениеті деген жалпылама ұғымды ұлт болмысындағы нақты категориялық мәні бар рухани құбылысқа айналдыру үшін тыным таппай еңбек еткен болатын. Қазақ өнері өзіндік үлес қосып, ұлттық мәдениеттің өркендеуіне күш-жігерін аямай жұмсаған академик А.Қ. Жұбанов бірқатар ғылыми еңбектер жазып қалдырды. Оның «Халық композиторлары. Құрманғазы» (1936), «Струны столетий» (1958), «Замана бұлбұлдары» (1975), «Құрманғазы Сағырбаев: өмірі мен творчествосы» (1978), «Ғасырлар пернесі» (2002) секілді еңбектерінде ән өнері бұлбұлдары, өнердегі жарқын «жұлдыздар» туралы баяндалды [6; 7]. Әсіресе соңғы басылып шыққан еңбегінде қазақ халқы сазгерлері өмірі мен шығармашылығы сөз болып, олардың ұлттық өнерге қосқан үлестері кеңінен бағамдалды [9]. Очерк сипатыныда жазылған бұл зерттеу жұмысында автор Құрманғазы, Дәулеткерей, Абыл, Тәттімбет, Казанғап, т.б. шығармашылығындағы тың деректермен бөліскен болатын [15]. Ол ғасырлар қойнауынан үлкен қазына болып сақталып келген баға жетпес құнды дүниелерді көпшілікке жеткізіп, ұлттық асыл қазыналарды ғылыми тұрғыдан саралауға кеңінен атсалыса білді.

Қазақ халқының музыкалық мұрасын зерттеуде өнегелі де өміршең еңбектерді қалдырған мамандардың бірі Б.Г. Ерзакович болып табылады. Өз өмірінде 2500-дей әндерді жазып алған Б.Г. Ерзакович қазақ халқының музыкалық мұрасына арналған бірнеше жинақтарды құрастыруға еңбек сіңірді. Бірнеше энциклопедиялық басылымдарға, «Қазақ ССР тарихы» томдарының қазақ музыкасына қатысты бөлімшелеріне автор болды. Оның «Песенная культура казахского народа. Музыкально-историческое исследование» (1966), «В созвездий музыкальных культур» (1973), «Музыкальное наследие казахского народа» (1979), «Народная музыка Казахстана. Краткий исторический очерк» (1975), т.б. ондаған іргелі ғылыми ізденістері ұлттық ән өнеріне арналды [16, 6–8]. Б.Г. Ерзакович 20 шақты

монография, брошюралардың, 400 шақты мақалалардың (ғылыми, ғылыми-көпшілік, энциклопедиялық – *авт.*) авторы болған [16, 174–176]. Ол қазақ музыкалық мәдениетіне әсерін тигізген факторларды, ән өнеріндегі өзара байланыстарды, кеңестік музыканың қазақи өнерге ықпалын, музыкалық жанрлар сыныптамасын, халықтық композиторлар шығармасындағы өзек пен негізгі арқау, т.б. мәселелерді зерттеумен шұғылданды.

Өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап тарих, әдебиет, археология, философия, мәдениеттану бағыттарындағы мамандар да қазақ музыкасын зерделеуге мол үлес қосты. Көне дәуірлер зерттеушісі академик Ә.Х. Марғұлан да қазақтың өнерін зерттеуге мол үлес қосқан ғалымдардың бірі [17]. Ол «О носителях древней поэтической культуры казахского народа» деген еңбегінде халық арасынан шыққан өнерпаздардың рөлін жоғары бағалады [18]. Ә.Х. Марғұлан археология секторын құрғаннан кейін отандық археология ғылымы қалыптаса бастайды. Жер-жерден түрлі музыкалық аспаптардың қалдықтары, бөлшектері табылып, мамандар тарапынан зерттелді. Аспаптардың табиғатын, қалыптасуы мен дамуын зерделеу, қайта қалпына келтіру жұмыстары да қолға алынды. Бұл бағыттағы жұмыстардың негізін атақты өнертанушы Б.Ш. Сарыбаев қалады. Ол бірнеше жылдар бойы қазақ музыкалық аспаптарын зерттеумен айналысты. Археологиялық ескерткіштерден (Отырар, т.б.) табылған кейбір аспаптарды қалпына келтіруде де белсенділік танытты. Оның «Казахские музыкальные инструменты» атты еңбегі өз құндылығымен ерекшелінеді [19]. Тарихи-этнографиялық тұрғыдан жазылған бұл монографияны ғылыми көпшілік жоғары бағалады. Ал филолог Я. Амандықов [20] болса ХХ ғасырдың бас кезінен бастап кеңестік дәуірдегі қазақ ән дәстүрінің дамуына тоқталып, ән мәтіндері ерекшеліктеріне, бұқаралық әндердің заманауи жай-күйіне сараптама жасады. Бұл зерттеушілердің барлығы қазақ халқы ән мұрасы бай дәстүрден, әр алуан жанрлардан тұратындығын нақты атап кетіп отырды.

Музыкатанушы мамандар тарапынан да тарихнамалық бағыттағы ізденістер жарияланды. Олардың арасынан Б.Г. Ерзакович, З. Қоспаев секілді авторлардың «Историография казахского музыкального фольклора» еңбегін ерекше атап кетуге болады [21]. Осы жылдардағы қазақ халқына тиесілі музыкалық мұраны зерттеуге өзіндік үлесін қосқан түрлі мамандар тарапынан түзілген көпжылдық ізденістер А.Б. Құнанбаеваның «Проблемы казахской эпической традиции (на музыкальном материале 1960–1980-х годов)» атты арнайы диссертациялық еңбегінде кеңінен көрініс тапты [22]. Ол бүгінгі қазақ эпосы, оны айтушылар мен орындаушылар, эпостардың музыкалық негізі, қайнар-бастаулары, музыкалық эпостық жанрлар, мәселе теориясы жайлы көптеген сауалдарды өрбітті.

Осы жылдары қазақ музыкалық өнерінің қыр-сырын зерделеуге көптеген ғалымдар үлес қосты. Әсіресе М.М. Ахметова [23; 24] ғылыми ізденістерімен ерекше көзге түсті. М.М. Ахметова қазақ әндеріне, қазақ кеңестік музыкасына, дәстүрлі өнерге қатысты бірнеше монографияларын жариялаған. Жалпы алғанда, көптеген ақын-жазушылар жекелеген ән саңлақтарының өнегелі өмірін сипаттап кеткен болатын. Бұлардың бір парасын М. Әуезов «Әр жылдардағы ойлар» (1959), С. Мұқанов «Халық мұрасы» (1974), С. Бегалин «Сахара сандуғаштары» (1976), С. Сейітов «Өмір өрнектері» (1969), Т. Сыдықов «Толғандырған тағдырлар» (1977), Ә. Тәжібаев «Жылдар, ойлар (естеліктер мен толғаныстар)» (1976), Н. Төрешұлов «Жамбыл мен Кенен (творчестволық этюдтер)» (1978) сынды шығармаларында өрбітіп берді [21; 24]. Мұндай бағыттағы ізденістер отандық әдебиет тарихында көптеп кездеседі. Алайда қазақ халқының музыкалық мұрасын зерттеудегі негізгі күш өнертанушы-мамандарға түскен еді. Қазақ музыкалық өнеріне қатысты сүбелі ойлар айтқан Б. Гизатов, П.М. Момынов, Х. Елебекова, Ж. Шәкәрім, П.В. Аравин, Б.Б. Байқадамов, А. Мухамбетова, т.б. зерттеушілер де музыкалық қазақ өнерінің сан салаларына қалам тартып, түйіні түрткілді мәселелерді (күй, дәстүрлі орындаушылық, опера, симфония, т.б.) таразылады [8]. Зерттеушілер тарапынан жекелеген халық композиторларының ғұмырнамасы мен шығармашылығы жайында еңбектер басылып шықты [9].

Дегенмен кеңестік кезеңдегі музыкалық өнер бойынша жарық көрген ғылыми ізденістерде кеңестік идеология орын алып отырды [25]. Әсіресе Ленин, Сталин сынды «көсемдерді» жырлау белең алды. Оған ақын-жазушылармен бірге композиторлар да қатысты. Сондай-ақ ұлттар достастығы, басқа халықтардың көрші ұлттар музыкалық мәдениетіне ықпалы, әсіресе орыс халқы музыкасынан енген «прогрессивті» әсер сынды сауалдар да қамтылды. Әлбетте бұл сол кездегі заман талабы еді.

Еліміз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін, мұндай олқылықтар орны толықтырылды. Енді жекелеген халықтық композиторлардың мұрасы шынайы әрі боямасыз сипатталып, жырларын нақты-тарихи тұрғыдан суреттеу орын алды. Бұрынғыдай тар таптық идеологияға бұрушылықтан ада болып, «демократ-ақын» деген сияқты теңеулер жоғалды. Шамамен осы кездерден бастап қазақ халқының музыкалық мұрасына ұлттық нақышқа сай баға беру кеңінен орын ала бастады. Тәуелсіздік алғаннан кейін он шақты жыл ішінде бұқаралық ақпараттар құралдарында, ғылыми басылымдарда 2 мыңдай мақалалар жарық көргендігін «Жаңа кезеңдегі Қазақстан музыкасының мәдениеті» атты библиографиялық көрсеткіштен көруге болады [26]. Көрсеткіштегі еңбектердің барлығы отандық музыка өнері жайлы алуан түрлі ақпараттар легінен тұрады. Барлығы тарихнамалық талдауды қажет етеді.

Жалпы алғанда, аталған мерзімнен бергі уақытта қазақ халқының музыкалық мұрасына ғылыми талдау жүргізген бірқатар ғалымдардың ізденістеріне тоқталып кеткен жөн. Себебі қысқаша шолу жүргізу арқылы қазақ халқы музыкалық мұрасының зерттелу деңгейін бағамдауға болады.

Айта кету керек, қазақ халқының музыкалық мұрасы ілкі замандардан басталады. Бұған археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған алуан түрлі аспаптар дәлел бола алады. Оған жоғарыда айтылған көне аспаптар күмбірін бүгінгі күнге жеткізген Болат Сарыбаевтың еңбегі зор [27]. Кеңестік заманда «музыкалық археология» термині қалыптасты. Көптеген мамандар музыкалық археологияның мәнінен тоқталып, оның маңызын таразылап берген болатын [28, 37]. Зерттеуші З. Жәкіш [29] тарапынан археологиялық қазбалардағы музыкалық аспаптардың зерттелу деңгейін, қолдағы материалдардың мән-мағынасын таразылап өтті де, түрлі аспаптардың тарихи эволюциясын жүйеледі. Одан бергі уақытта музыкалық археология саласындағы ізденістер көбейе түсті. Мәселен, шығыстанушы Н. Базылхан [30] Моңғолия жерінен (Ховд аймағы) табылған көне түрік дәуіріне жататын қобыздағы мәтіндерді оқып, ғылыми айналымға енгізді. Ол қобыз түрлерін, әрбір мәдени-тарихи кезеңдердегі дамуын, өзіндік ерекшеліктерін көрсетіп берді. Сондай-ақ, ХІХ ғасырдағы қазақ музыкалық аспаптарының тарихы П. Шегебаев [31] тарапынан жүйеленді. Е.Д. Тұрсынов [32] болса музыкалық аспаптарда ойнаған бақсы, ақын, сері, жыраулардың қалыптасу тарихына үңілді. Жас зерттеушілер тарапынан да сал-серілік дәстүр соңғы жылдары қарастырылып келеді [33].

Қазақ халқының музыкалық мұрасын, оның әлеуметтік қырларын зерттеу ісінде биографиялық әдістер қолданылып, осы бағытта іргелі монографиялар да жарияланды. Бір топ зерттеушілер «Биографический метод исследования социологии искусства Казахстана» атты еңбектерін ғылыми көпшілікке ұсынды [34]. Сондай-ақ Т. Жұмағалиева, Д. Ахметбекова, Б. Ысқақов, Ә. Қарамендина, А. Бердібай, А. Мұқанова, Р. Жұмақова, Ж. Кетегенова, т.б. зерттеушілер тәуелсіздік жылдарында қазақ музыкалық өнеріне қатысты мол ізденістер жүргізді, төлтума мәдениеттің қыр-сырына үңілді, көптеген халық композиторларының өмірі мен шығармашылығына қатысты тың пайымдаулар жасады [8]. Қазақ халқының музыкалық мұрасын зерттеу ісінде С. Негимов «Өнерпаздық өрнектері» (Алматы, 1996), З. Қоспақов «Сыр тартсақ тарихынан әншіліктің» (Алматы, 1996), Ә. Нұғыманова «Қазақтың әншілік дәстүрі» (Алматы, 2009), А. Сабирова «Ежелгі дәуірдегі қазақ музыкасы» (Алматы, 2016), С. Елеманова «Казахская музыкальная литература» (Алматы, 1993) деген еңбектерін жазып, өз үлестерін қосты [6; 26]. Әсіресе соңғы аталған автор жүйелі түрде осы бағытта көп жылдардан бері үзбей еңбек етіп келеді. С. Елеманова

«Наследие тюркской культуры (исторический обзор казахской традиционной музыки)» атты еңбегінде, өзге де шығармаларында этномузыкатунаға ерекше мән берді [35]. Автор өз ізденістерінде этнология, мәдени-антропология, тарих, филология, фольклорлық ұстанымдар негізінде қалыптасқан этномузыкатуна жанды музыкалық-поэтикалық дәстүрдің жаршысы екендігін нақты көрсете білді. Осы бағытта З.С. Жәкішева [36] тарапынан жазылған «Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары» деп аталатын еңбекті де жоғары бағалауға болады. Ал А.И. Мұхамбетова [37] тарапынан қазақтардың дәстүрлі музыкалық мәдениеті тәңіршілдік күнтізбемен байланыстырылды.

XIX ғасырдан бастап зерттелініп келе жатқан күй тарихына қатысты да мәселелер отандық гуманитарлық ғылым салаларында үнемі көтеріліп отырды. Қазақ күйі жайлы жүздеген ізденістер арасынан Т. Мерғалиев, С. Бүркіт, О. Дүйсен [38], А. Сейдімбек [39] секілді зерттеушілердің еңбектерін атап кеткен жөн. Әсіресе А. Сейдімбек қазақ халқының рухани әлемінде айырықша орыны бар күй өнерін тарихи-этнографиялық тұрғыда кеңінен зерделеп, оның өзіндік қалыптасу бастауларын, даму жолдарын, қоршаған ортамен және әлеуметтік-тұрмыстық өмірмен біте қайнасқан болмысын, сондай-ақ төлтума қасиеттерін нақтылы айғақ-деректерге сүйене отырып саралап шыққан болатын.

Қазақ халқының музыкалық мұрасы ұлттық педагогикамен астасып жатқандығы туралы да мамандар жиі айтып жүр. Бұл жайлы ізденістерді зерделеген қазақ халқының музыкалық фольклорын зерттеуші Е.О. Балабеков [40], қазіргі қазақ эстрадасындағы этнофольклорлық тенденцияларды зерттеген С.О. Майгазиев [41] те өз еңбектерінде атап кеткен. Фольклорлық музыканың қалыптасуы, дамуы, этникалық, көпқабатты тарихи-сатылы трансформациясы халықтың тыныс-тіршілігімен, ғұрыптық жосын-жоралғыларымен және дүниетанымымен астасып жатқандығын отандық зерттеушілер түгелімен толыққанды құптайды.

### **Қорытынды**

Ұлттық музыканың түрлері алуандығымен ерекшелінеді. Ол сан ғасырлар бойы қазақ халқымен бірге жасасып келе жатқан мәдени мұра болып табылады. Дегенмен тарихи тұрғыдан оны зерттеу әлі күнге дейін кенжелеп келеді. Дәстүрлі музыка патшалық Ресей тұсында да, кеңестік заманда да мәдени саясаттың толыққанды субъектісі бола қойған жоқ. Тәуелсіздік жылдарында халықтық музыкаға қатысты бірқатар іс-шаралар (ғылыми форумдар, жаңа шығармашылық бірлестіктердің құрылуы, т.б.) жүргізіліп келеді. Десе де қазақ халқының музыкалық мұрасының келешектегі тағдыры мамандарды алаңдатып келеді, әсіресе оларды ұлттық музыканы зерттеудегі методологиялық мәселелер қатты толғандырады. Мұны мәселеге кешенді түрде келу, яғни пәнаралық зерттеулерді күшейту арқылы шешкен абзал болатын секілді. Сондай-ақ этномузыкатуна саласындағы ізденістерге тереңінен мән берген де жөн сияқты.

Жалпы алғанда, қоғамдық, геосаяси, тарихи, экономикалық факторлар әсерін сан ғасырлардан бері бойына қабылдаған әрі түрлі жанрлардан тұратын халықтық музыка ұлттың эстетикалық талғамын нақты көрсетеді. Оның ұзын сонар тарихы бар. Сонымен қатар зерттелуінің де өзіндік тарихы бар екендігі белгілі. Біздің пікірімізше, қазақ халқының музыкалық мұрасын зерттеу бірнеше кезеңдерден тұрады. Оларды шартты түрде патшалық Ресей тұсындағы, кеңестік дәуірдегі және тәуелсіздік жылдарындағы кезеңдерге бөліп қарастырса болады. Осы кезеңдердің әрбірі отандық музыканың даму белестерінен алуан қырлы ақпараттар береді. Және де аталып отырған кезеңдерде қазақ халқының музыкалық мұрасын зерттеуге қатысы бар мыңдаған еңбектер жарық көрді. Біз олардың тек бір парасына ғана тоқталдық. Келешекте халықтың музыкалық мұрасына қалам тартқан зерттеушілердің еңбектері тарихнамалық тұрғыдан, диссертациялық деңгейде көтерілуі тиіс деген ойдамыз.



### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Музыкальная культура Казахстана: Сборник статей и материалов / Сост.: П.В. Аравин, Б.Г. Ерзакович. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1955. – 178 с.
2. Казахский музыкальный фольклор: Избранные записи казахского народного творчества дореволюционной эпохи: песни и кюи / Редкол. и авт. предисл. Б. Ерзакович, Б. Каракулов, З. Коспаков. – Алма-Ата: Наука, 1982. – 263 с.
3. 200 казахских песен: музыкально-этнографический сборник / Запись, предисл. и примеч. Т. Бекхожиной; Отв. ред. чл.-кор. АН КазССР, д-р искусствоведения Б.Г. Ерзакович. – Алма-Ата: Изд-во «Наука» КазССР, 1972. – 231 с.
4. Магауин М.М. Казахские акыны и жырау XV–XVIII вв.: Автореферат дис. ... канд. филол. наук / Каз. гос. ун-т им. С.М. Кирова. – Алма-Ата, 1966. – 27 с.
5. Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 159 б.
6. Елеманова С.А. Казахское традиционное песенное искусство: генезис и семантика. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – 185 с.
7. Акпарова Г. Становление и развитие камерно-инструментального жанра в Казахстане // Актуальные проблемы музыкальной науки и музыкального образования: Мат. сб. междунар. научно-практ. конф. – Алматы, 2005. – С.143–146.
8. Жумабекова Д.Ж. Выдающиеся исполнители и деятели Казахстана. – Астана: ЕНУ, 2005. – 90 с.
9. Этнокультурные традиции в музыке. Музыкадағы этномәдени дәстүрлер: Матер. междунар. конф., посвящ. памяти Т. Бекхожиной / Ред.-сост. Мухамбетова А.И., Омарова Г.Н. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – 325 с.
10. История казахской музыки. – Т.1. Традиционная музыка казахского народа / Отв. ред. Т. Джумалиева, А. Темирбекова. – Алматы: Ғылым, 2000. – 424 с.
11. Очерки о композиторах Казахстана. – Алматы: Алматы-Болашақ, 2013. – 622 с.
12. Жанузакова З. Русские записи казахской музыки конца XIX – начала XX века // Музыка и музыканты братских народов Советского Союза: Сборник статей / Под ред. проф. С.Л. Гинзбурга; Ленингр. гос. консерватория им. Н.А. Римского-Корсакова. – Л.: Музыка. Ленингр. отд-ние, 1972. – 190 с.
13. Елеманова С. О профессионализме в дореволюционной казахской музыкальной культуре // Известия АН КазССР. – 1981. Серия филол. – №4. – С. 49–56.
14. Дернова В.П. А.В. Затаевич и казахская народная музыка: Автореферат дис. ... кандидата искусствоведения / Ленингр. ордена Ленина гос. консерватория им. Н.А. Римского-Корсакова. – Л., 1960. – 16 с.
15. Ахмет Қуанұлы Жұбанов: (1906–1968): ұсыныстық-библиографиялық көрсеткіш = Ахмет Қуанұлы Жубанов: 1906–1968: рек. библиографический указ. / құраст. Ш.Б. Үсенбаева, А.Б. Рақышева. – Алматы: ҚР Ұлттық кітапханасы, 2006. – 122 б.
16. Ахметбекова Д.А. Творческий портрет Б.Г. Ерзаковича, этномузыковеда, педагога, композитора, критика, редактора, музыкально-общественного деятеля. – Алматы, 2017. – 178 с.
17. Байғунаков Д.С. Ә.Х. Марғұлан – көне дәуір зерттеушісі // Әл-Фараби атындағы ҚҰУ хабаршысы. – Тарих сериясы. – 2006. – №3. – Б.123–126.
18. Марғулан А.Х. О носителях древней поэтической культуры казахского народа // М.О. Ауэзову (Сборник статей к его шестидесятилетию). – Алма-Ата, 1959. – С. 70–89.
19. Сарыбаев Б.Ш. Казахские музыкальные инструменты: научное издание / Сарыбаев Б.Ш. – Алма-Ата: Жалын, 1978. – 174 с.
20. Амандыков Я. Развитие казахской песенной традиции в советский период: Рукопись дисс. ... кандидата филологических наук / АН КазССР, Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова. – Алма-Ата, 1984. – 161 с.

21. Ерзакович Б.Г., Коспаев З. Историография казахского музыкального фольклора. – Алма-Ата: Наука, 1986. – 108 с.
22. Кунанбаева А.Б. Проблема казахской эпической традиции (на музыкальном материале 1960–80-х годов): Рукопись дисс.... кандидата искусствоведения / Министерство культуры РСФСР, Ленинградский государственный институт театра, музыки и кинематографии. – Л., 1984. – 192 с.
23. Ахметова М.М. Песни и романсы композиторов Казахстана. – Алма-Ата: Казахстан, 1964. – 61 с.
24. Ахметова М.М. Традиции казахской песенной культуры. – Алма-Ата: Наука, 1984. – 119 с.
25. Межнациональные связи в советской музыкальной культуре. Сб. ст. / Сост. Вызго-Иванова И.М. – Л.: Музыка, 1987. – 263 с.
26. Музыкальная культура Казахстана на современном этапе: Библиографический указатель / Сост.: Кайшигарина К. – Алматы, 2003. – 223 с.
27. Каракулов Б. Казахский музыкальный фольклор и этногенез // Вестник АН КазССР. – 1974. – №3. – С.36–41.
28. Намазова Қ. Көне аспаптар күмбірін бүгінге жеткізген Болат Сарыбаев ұмытылып барады // Қазақ әдебиеті. – 2002. – 23 тамыз.
29. Жәкіш З. Археологиялық қазбалардағы музыкалық аспаптар // Абай. – 1994. – №3. – Б. 67–107.
30. Базылхан Н. Көне түрік дәуірінің музыкалық аспабындағы (қобызындағы) мәтін: тарихи-деректанулық алғашқы талдау // Түркі өркениеті және тәуелсіз Қазақстан. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған халықаралық конференция материалдары. I (А-Й) / Ш. Ыбраевтың редакциясымен. – Астана, 2011. – 482 б. – Б. 164–171.
31. Шегебаев П. История казахской инструментальной музыки XIX века: учебное пособие. – Астана: Фолиант, 2008. – 59 с.
32. Турсунов Е.Д. Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау. – Астана: Фолиант, 1999. – 265 с.
33. Ази Е.А. Сал-серілік дәстүр және Зәкәрияның тағдыры // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №3 (117). – Б. 15–27.
34. Биекенов К.У., Хибина Н.Н., Мамытканов Д.К. Биографический метод исследования социологии искусства Казахстана: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 207 с.
35. Елеманова С.А. Наследие тюркской культуры (исторический обзор казахской традиционной музыки). – Алматы: Кантана-пресс, 2012. – 408 с.
36. Жәкішева З.С. Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары = Казахские традиционные музыкальные инструменты = Kazakh traditional musical instruments. – Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2015. – 232 б.
37. Мухамбетова А.И. Тенгрианский календарь и традиционная музыкальная культура казахов / Автореф. дис... доктора искусствоведения / Академия художеств Узбекистана, Научно-исследовательский институт искусствознания. – Ташкент, 2005. – 41 с.
38. Мерғалиев Т., Бүркіт С., Дүйсен О. Қазақ күйлерінің тарихы. – Алматы, 2000. – 412 б.
39. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. – Астана: Күлтегін, 2002. – 831 б.
40. Балабеков Е.О. Казахский музыкальный фольклор: особенности, основные функции, воспитательные возможности и проблемы совершенствования. – Шымкент: ТОО «МиК», 2000. – 178 с.
41. Майгазиев С.К. Қазіргі қазақ эстрадасындағы этнофольклорлық тенденциялар (этнофольклорлық ансамбльдер шығармашылығы негізінде): Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. ... қолжазбасы. Т. Жүргенов ат. Қазақ ұлттық өнер академиясы. – Алматы, 2020. – 141 б.

## REFERENCES

1. Мýзыкалнаа кýлтýра Казахстана: Сборник статей 1 materialov / Sost.: P.V. Aravin, B.G. Erzakovich. – Alma-Ata: Kazgoslitizdat, 1955. – 178 s. [in Russian].
2. Kazahskii мýзыкальны folklor: Izbrannye zapisi kazahskogo narodnogo tvorchestva dorevolýtsionnoi epohi: pesni 1 kúy / Redkol. 1 avt. predisl. B. Erzakovich, B. Karakýlov, Z. Kospakov. – Alma-Ata : Naýka, 1982. – 263 s. [in Russian].
3. 200 kazahskih pesen: мýзыкално-etnograficheskii sbornik / Zapis, predisl. 1 primech. T. Bekhojinoi; Otv. red. chl.-kor. AN KazSSR, d-r iskýsstvovedeniia B.G. Erzakovich. – Alma-Ata: Izd-vo «Naýka» KazSSR, 1972. – 231 s. [in Russian].
4. Magayin M.M. Kazahskie akyny 1 jyraý XV–XVIII vv.: Avtoreferat dis. ... kand. filol. naýk / Kaz. gos. ýn-t im. S.M. Kirova. – Alma-Ata, 1966. – 27 s. [in Russian].
5. Ýahatov B. Qazaqtyń turmys-salt jyrlarynyń tipologiasy. – Almaty: Gylym, 1983. – 159 b. [in Kazakh].
6. Elemanova S.A. Kazahskoe traditsionnoe pesennoe iskýsstvo: genezis 1 semantika. – Almaty: Daik-Press, 2000. – 185 s. [in Russian].
7. Akparova G. Stanovlenie 1 razvitie kamerno-instrýmentalnogo janra v Kazahstane // Aktýalnye problemy мýзыкалнои naýki 1 мýзыкалногo obrazovaniia: Mat. sb. mejdýnar. naýchno-prak. konf. – Almaty, 2005. – S.143–146. [in Russian].
8. Jýmabekova D.J. Vydaiýiesia ispolniteli 1 deiateli Kazahstana. – Astana: ENÝ, 2005. – 90 s. [in Russian].
9. Etnokýltýrnye traditsii v мýзыке. Мýзыкадағы etnomádeni dástúrler: Mater. mejdýnar. konf., posviash. pamiatí T. Bekhojinoi / Red.-sost. Mýhambetova A.I., Omarova G.N. – Almaty: Daik-Press, 2000. – 325 s. [in Russian].
10. Istorii kazahskoi мýзыки. – T.1. Traditsionnaia мýзыка kazahskogo naroda / Otv. red. T. Djýmalieva, A. Temirbekova. – Almaty: Gylym, 2000. – 424 s. [in Russian].
11. Ocherki o kompozitorah Kazahstana. – Almaty: Almaty-Bolashaq, 2013. – 622 s. [in Russian].
12. Janýzakova Z. Rýsskie zapisi kazahskoi мýзыки kontsa XIX – nachala XX veka // Мýзыка 1 мýзыкanty bratskikh narodov Sovetskogo Soýza: Sbornik statei / Pod red. prof. S.L. Ginzbýrga; Leningr. gos. konservatoriia im. N.A. Rimskogo-Korsakova. – L.: Мýзыка. Leningr. otd-nie, 1972. – 190 s. [in Russian].
13. Elemanova S. O professionalizme v dorevolýtsionnoi kazahskoi мýзыкалнои кýлтýре // Izvestiia AN KazSSR. – 1981. Serii filol. – №4. – S. 49–56. [in Russian].
14. Dernova V.P. A.V. Zataevich 1 kazahskaia narodnaia мýзыка: Avtoreferat dis... kandidata iskýsstvovedeniia / Leningr. ordena Lenina gos. konservatoriia im. N.A. Rimskogo-Korsakova. – L., 1960. – 16 s. [in Russian].
15. Ahmet Qýanuly Jubanov: (1906–1968): usynystyq-bibliografialyq kórsetkish = Ahmet Kýanýly Jýbanov: 1906–1968: rek. bibliograficheskii ýkaz. / qurast. Sh.B. Úsenbaeva, A.B. Raqysheva. – Almaty: QR Ultyyq kitaphanasy, 2006. – 122 b. [in Kazakh and Russian].
16. Ahmetbekova D.A. Tvorcheskii portret B.G. Erzakovicha, etnomýzykoveda, pedagoga, kompozitora, kritika, redaktora, мýзыкално-obestvennogo deiatelia. – Almaty: 2017. – 178 s.
17. Baigýnakov D.S. Á.H. Margulan – kóne dáýir zertteýshisi // Ál-Farabi atyndaғы QUÝ habarshysy. – Tarih seriasy. – 2006. – №3. – B. 123–126. [in Kazakh].
18. Margýlan A.H. O nositeliakh drevnei poeticheskoi кýлтýры kazahskogo naroda // M.O. Aýezový (Sbornik statei k ego shestidesiatiletiiý). – Alma-Ata, 1959. – S. 70–89. [in Russian].
19. Sarybaev B.Sh. Kazahskie мýзыкальные instrýmenty: naýchnoe izdanie / Sarybaev B.Sh. – Alma-Ata: Jalyn, 1978. – 174 s. [in Russian].
20. Amandykov Ia. Razvitie kazahskoi pesennoi traditsii v sovetskii period: Rýkopis diss... kandidata filologicheskikh naýk / AN KazSSR, Institut literatýry 1 iskýsstva im. M.O. Aýezova. – Alma-Ata, 1984. – 161 s. [in Russian].

21. Erzakovich B.G., Kospaev Z. Istoriofografiya kazahskogo muzykalnogo folklora. – Alma-Ata: Naýka, 1986. – 108 s. [in Russian].
22. Kýnanbaeva A.B. Problema kazahskoi epicheskoi traditsii (na muzykalnom materiale 1960–80-h godov): Rýkopis diss. ... kandidata iskýsstvovedeniya / Ministerstvo kýltýry RSFSR, Leningradskii gosýdarstvennyi institút teatra, múzyki i kinematografi. – L., 1984. – 192 s. [in Russian].
23. Ahmetova M.M. Pesni i romansy kompozitorov Kazahstana. – Alma-Ata: Kazahstan, 1964. – 61 s. [in Russian].
24. Ahmetova M.M. Traditsii kazahskoi pesennoi kýltýry. – Alma-Ata: Naýka, 1984. – 119 s. [in Russian].
25. Mejnatsionalnye svyazi v sovetskoï muzykalnoi kýltýre. Sb. st. / Sost. Vyzgo-Ivanova I.M. – L.: Mýzyka, 1987. – 263 s. [in Russian].
26. Mýzykalnaya kýltýra Kazahstana na sovremennom etape: Bibliograficheskii ýkazatel / Sost.: Kaishigarin K. – Almaty, 2003. – 223 s. [in Russian].
27. Karakýlov B. Kazahskii muzykalnyi folklor i etnogenez // Vestnik AN KazSSR. – 1974. – №3. – S.36–41. [in Russian].
28. Namazova Q. Kóne aspaptar kúmbirin búginge jetkizgen Bolat Sarybaev umytylyp barady // Qazaq әдебиеті. – 2002. – 23 тамыз. [in Kazakh].
29. Jekish Z. Arheologialyq qazbalardaǵy múzykalyq aspaptar // Abai. – 1994. – №3. – B. 67–107. [in Kazakh].
30. Bazylhan N. Kóne túrik dáýiriniń múzykalyq aspabyndaǵy (qobyzyndaǵy) mátin: tarihi-derektanlyq algashqy taldaý // Túrki órkenieti jáne táýelsiz Qazaqstan. Qazaqstan Respýblikasy táýelsizdiginiń 20 jyldyǵyna arnalǵan halyqaralyq konferentsiya materialdary. I (A-I) / Sh. Ybraevtyń redaksiyasymen. – Astana, 2011. – 482 b. – B. 164–171. [in Kazakh].
31. Shegebaev P. Istorii kazahskoi instrýmentalnoi múzyki XIX veka: ýchebnoe posobie. – Astana: Foliant, 2008. – 59 s. [in Russian].
32. Týrsýnov E.D. Vozniknovenie baksy, akynov, seri i jyraý. – Astana: Foliant, 1999. – 265 s. [in Russian].
33. Azı E.A. Sal-serilik dástúr jáne Zákáruanyń taǵdyry // Iasaýı ýnıversitetiniń habarshysy. – 2020. – №3 (117). – B.15–27. [in Kazakh].
34. Biekenov K.Ý., Hibina N.N., Mamytkanov D.K. Biograficheskii metod issledovaniya sotsiologii iskýsstva Kazahstana: monografiya. – Almaty: Qazaq ýnıversiteti, 2019. – 207 s. [in Russian].
35. Elemanova S.A. Nasledie túrkskoï kýltýry (istoricheskii obzor kazahskoi traditsionnoi múzyki). – Almaty: Kantana-press, 2012. – 408 s. [in Russian].
36. Jákisheva Z.S. Qazaqtyń dástúrlı múzykalyq aspaptary = Kazahskie traditsionnye múzykalnye instrýmenty = Kazakh traditional musical instruments. – Almaty: «Almatykitap baspasy», 2015. – 232 b. [in Kazakh, Russian and English].
37. Mýhambetova A.I. Tengrianskii kalendar i traditsionnaya muzykalnaya kýltýra kazahov / Avtoref. dis... doktora iskýsstvovedeniya / Akademiya hýdojestv Ýzbekistana, Naýchno-issledovatel'skii institút iskýsstvoznaniya. – Tashkent, 2005. – 41 s. [in Russian].
38. Merǵaliev T., Búrkit S., Dúsen O. Qazaq kúleriniń tarihy. – Almaty, 2000. – 412 b. [in Kazakh].
39. Seidimbek A. Qazaqtyń kú óneri. – Astana: Kúltegin, 2002. – 831 b. [in Kazakh].
40. Balabekov E.O. Kazahskii muzykalnyi folklor: osobennosti, osnovnye fýnktsii, vospitatelnye vozmojnosti i problemy sovershenstvovaniya. – Shymkent: TOO «MıK», 2000. – 178 s. [in Russian].
41. Maigaziev S.K. Qazirgi qazaq estradasyndaǵy etnofolklorlyq tendentsıalar (etnofolklorlyq ansamblder shyǵarmashylyǵy negizinde): Filosofiya doktory (PhD) dárejesin alý úshin daıyndalǵan diss. ... qoljazbasy. T. Júrgenov at. Qazaq ulttyq óner akademıasy. – Almaty, 2020. – 141 b. [in Kazakh].